



010000, Астана қаласы, Үкімет үйі

010000, город Астана, Дом Правительства

№ _____

Қазақстан
Республикасының
Парламенті Мәжілісінің
депутаттары
Е.Н. Мәмбетовке
П.О. Казанцевке

2023 жылғы 31 мамырдағы
№ ДС-220

Құрметті депутаттар!

Жұмыртқа құс шаруашылығын субсидиялауға қатысты депутаттық сауалдарыңызды қарастырып, келесіні хабарлаймын.

Бұрын қолданыста болған норматив бойынша тағамдық жұмыртқа өндірісін субсидиялауды қалпына келтіру мәселесі агроөнеркәсіптік кешенді мемлекеттік қолдау шараларын жетілдіру шеңберінде пысықталды.

Сонымен қатар республикалық бюджет мүмкіндіктерінің шектеулі болуына байланысты қазіргі уақытта тағамдық жұмыртқаны субсидиялауды қайта бастау мүмкін емес.

Бұл ретте жұмыртқа саласын дамыту мақсатында сатып алынған бір бірлігі үшін 60 теңге субсидия нормативімен асыл тұқымды құстан алынғана бір тәулік болған, жұмыртқа бағытындағы соңғы үлгідегі төлді сатып алуды субсидиялау түрінде қолдау көрсетіледі.

Сондай-ақ Агроөнеркәсіптік кешен субъектісі шеккен шығыстардың бір бөлігін өтеу бойынша инвестициялық субсидиялау қағидалары шеңберінде жұмыртқа саласын дамыту үшін инвестициялық салымдар кезінде 2 бағыт бойынша субсидиялау көзделген:

- құс шаруашылығында бірінші және екінші кезектегі асыл тұқымды репродукторды құру және кеңейту;
- өндірістік қуаты 50 млн жұмыртқадан асатын жұмыртқа құс фабрикаларын кеңейту.

Бұдан басқа, қуаты тәулігіне 50 тонна құс қиын қайта өңдеуге арналған техника мен жабдықтарды сатып алуға жұмсалған шығындарды өтеу көзделген.

Аталған бағыттар бойынша инвестициялық салымдарды өтеу үлесі 25 % құрайды.

Жалпы жұмыртқа шаруашылығының дамуы Үкіметтің тұрақты бақылауында.

Ә. Смайылов

А. Токтарова
75-00-33